21. «Сот шешімі бойынша өндіріп алуға жататын сомалар туралы мәліметтер» 7-тараудың деректемелерінде - іс құжаттарына сәйкес сот шешімімен өндірілуге жататын сомалар (теңгеде) туралы мәліметтер көрсетіледі.

ҚР АҚ-нің 923-бабының 1-тармағына сәйкес 7-тараудың 3-деректемесі азаптаумен байланысты азаматтық істер бойынша толтырылады.

22. 7-тараудың «Қылмыстық іс бойынша (Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінің 4-бөлімі) ақтау кезінде залалды өтеу туралы талап-арыздарға қарай өндіріп алынған сома» 4-деректемесі тек, ақтау негіздері бойынша қысқартылған, қылмыстық істер бойынша залалды өтеу туралы талаптармен байланысты, азаматтық істер бойынша толтырылады.

23. 7-тараудың «Азаматтық құқықтарды бұзумен байланысты залалды өтеу туралы талап-арыздар бойынша өндіріп алынған сома» 5-деректемесі азаматтық құқықтарды бұзу туралы талаптармен байланысты, азаматтық істер бойынша т о л т ы р ы л а д ы .

24. 7-тараудың «Сотта ақталғандардың пайдасына өндірілген сома» 6-деректемесі, сотта ақталған азаматтың пайдасына өндіріп алынған сома туралы талаптармен байланысты, азаматтық істер бойынша толтырылады.

25. 7-тараудың «Жұмысқа қайта алынғандардың пайдасына мәжбүрлеп жұмыстан қалғаны үшін ұйғарылған сома» 7-деректемесі жұмысқа қайта алу туралы талаптармен байланысты, азаматтық істер бойынша толтырылады.

26. «Іс жүргізудің динамикасы туралы мәліметтер (танысу)» атты 8-тарауда, іс өндірісінің динамикасы туралы мәліметтер көрсетіледі.

27. 8-тараудың 1-3-деректемелері, істі сотпен өндіріске қабылдаған күннен б а с т а п т о л т ы р ы л а д ы .

Сот талап-арызды қабылдаудан бас тартқанда, талап-арыздың ҚР АІЖК 150-бабының және 151-бабы 1)-3) тармақшаларының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда арызды қозғалыссыз қалдыру жөніндегі ұйғарымды шығарғанда; сот талап-арызды қайтарған жағдайларда міндетті 3.1, 3.2, 3.3 деректемелер т о л т ы р ы л у ы қ а ж е т .

ҚР АІЖК 154-бабы 1-тармағы 2-тармақшасына сәйкес іс осы соттың соттылығына жатпаса, сот талап-арызды қайтарады. 8-тараудың 4-деректемесінде соттың атауы және арыздың соттылығы бойынша жолданған күні к ө р с е т і л е д і .

ҚР АІЖК 36-бабына сәйкес соттар арасындағы соттылығы туралы даулар

сотпен шешіледі және істі басқа сотқа жолдау туралы мәселесі бойынша ұйғарым шығарылады. Мұндай істер бойынша, 11-тараудың 3-деректемесінде шешімнің (ұйғарымның) шығару күні көрсетіледі, 12-тараудың 1-деректемесінде сот актінің түрі – ұйғарым деп көрсетіледі, 12-тараудың 2-деректемесінде «62012005 - іс соттылығы бойынша жолданды» ҚР СО БААТЖ НАА коды көрсетіледі.

Егер сотпен, ҚР АІЖК 409-бабына сәйкес, жаңадан ашылған мән жайлар бойынша арызды қанағаттандыру туралы ұйғарымын шығарғанда және шешімнің, ұйғарымның күшін жойған жағдайда болса, онда 1-тараудың «Келіп түсу тәртібі» 5-деректемесінде «62001010 – жаңадан ашылған мән жайлар бойынша шешімді жойғаннан кейін» ҚР СО БААТЖ НАА коды көрсетіледі, ал 5.2-деректемесінде шешімнің (ұйғарымның) күшін жою туралы ұйғарымның шығару және жаңадан ашылған мән жайлар бойынша алғашқы сот актілерін жоюмен байланысты істер бойынша өндірістерді жаңарту күндері көрсетіледі.

Егер сот ҚР АІЖК 167-бабымен қарастырылған азаматтық істі сот талқылауына дайындықты созу туралы дәлелді ұйғарым шығарылған жағдайда, 6.1-деректемесінде ұзарту күні, 6.2-деректемесінде міндетті түрде 12-деректемесінде түсіндірмесімен дайындықтың аяқталуының соңғы күні көрсетіледі. ҚР АІЖК 173-бабының тәртібінде 7-деректемеде тағайындалған сот талқылауының (ұйғарымның қарар бөлігінде көрсетілген) күні көрсетіледі.

28. 8-тараудың 10-деректемесінде, соттың анықтауына сәйкес, негізгі азаматтық істің нөмірі және азаматтық істердің бір өндіріске біріктірілген күні көрсетіледі .

Біріктірілген өндірістердің ішінен (негізгі істің нөмірін сақтай отырып) азаматтық істі негізгі іске жатқызылуы бойынша мәселелері іс өндірісіндегі соттың ұйғарымымен шешіледі .

Тараптардың екі жақтада қатысатын, бір тектес істер бойынша, бір өндіріске және бір жауапкерге әр түрлі талап-арыз бойынша азаматтық істер немесе әр түрлі жауапкерлерге бір талапкердің талап-арыздары бойынша істерді біріктіруге болады .

Бірнеше азаматтық істер бір өндіріске біріктірілген жағдайда, қарау нәтижелері (сот актілері) 1 ЭАЕК-да негізгі азаматтық іс бойынша көрсетілуі тиіс .

29. «Бұйрықтық іс жүргізудің динамикасы туралы мәліметтер» 9-тарауда бұйрықтық іс жүргізудің динамикасы жөніндегі мәліметтер көрсетіледі.

ҚР АІЖК 145-бабына сәйкес 1-деректемеде міндетті түрде сот бұйрығының шығару күні көрсетіледі .

2-деректемесінде сот бұйрығының мазмұны көрсетіледі (ҚР АІЖК 146-бабы).

3-деректемесінде сот бұйрығын көшірмесін борышкерге жолдау күні көрсетіледі (ҚР АІЖК 147-бабының 1-тармағы), 4-деректемеде бұйрықтың заңды

күшіне енген күні көрсетіледі.

7-деректемесінде сотпен шығарылған (ҚР АІЖК 148-бабының 1-тармағы), сот бұйрығының күшін жою туралы ұйғарымның күші жойылған күні көрсетіледі.

30. 10-тарауда өндірісті тоқтата тұру динамикасы туралы мәлімет көрсетіледі.

ҚР АІЖК 242, 243-баптарының талаптарына сәйкес сот іс бойынша өндірісті тоқтата тұру туралы ұйғарым шығарады, 1-деректемесінде аталған ұйғарым шығарылған күні көрсетіледі.

2-деректемеде іс бойынша тоқтатылу негіздері көрсетіледі.

3-деректемеде іс жүргізуді жаңғырту туралы ұйғарымның шығарылған күні көрсетіледі (ҚР АІЖК 246-бабы).

31. 11-тарауда іс жүргізудің динамикасы (Сот отырысы) туралы мәліметтер көрсетіледі.

АІЖК 217-бабына сәйкес істің негізі бойынша шешілетін бірінші сатыдағы сот актісі, шешім нысаныда шығарылады.

Шешімнің талап-арыздық өндіріс, ерекше талап-арыз, ерекше өндіріс түрлерінің структурасы мен мазмұнына міндетті.

Заңнамалық актілерде қарастырылған жағдайларда сот актілері (органдар (лауазымды тұлғалар) қаулыларын қарсы болу туралы істер бойынша, әкімшілік істерді қарауға уәкілетті, заңды және жеке кәсіпкерлердің істері бойынша конкурстық іс жүргізу шегінде қаралатын) сот ұйғарымы нысанында қабылданады.

Сырттай шешімнің негізі ҚР АІЖК 260-бабында қарастырылған.

ҚР АІЖК 261-бабына сәйкес сырттай іс жүргізу тәртібінде істі қараған жағдайда сот, іске қатысушы тұлғалардың ұсынған дәлелдемелерін зерттейді, олардың уәждерін ескереді және шешім шығарады, ол сырттай деп аталады.

32. 3-деректемеде іс бойынша шешімнің (ұйғарымның) шығарылған күні көрсетіледі.

Істі сырттай тәртібінде қараған жағдайда «іс сырттай қаралған» 4-деректемесінде «ИӘ» деп көрсетіледі.

33. 11-тараудың 5-5.5 деректемелерінде төрағалық етуші соттың, сот отырысы хатшысының, прокурордың, қорғаушының, талапкердің (өкілінің), жауапкердің (өкілінің) тегі және аты-жөнінің бас әріптері толығымен көрсетіледі.

34. 5.2-деректемеде осы Нұсқаулықтың 102-тармағына сәйкес прокурордың қатысуы міндетті санатына жататын істер бойынша 5.2-деректемесі енгізілуге міндетті.

35. АІЖК 256-бабы 2-тармағы 4-1) тармақшасына сәйкес 8 және 8.1-деректемелерде бұйрықтық іс жүргізу істерінен басқа, соттың аудио, бейнежазбаларды және (немесе) стенографияны пайдалануы жөніндегі

мәліметтер көрсетіледі.

36. 12-бөлімде бұйрықтық іс жүргізу істерінен басқа, сот актілері бойынша іс жүргізу динамикасы туралы мәліметтер көрсетіледі.

«Сот актісінің түрі» 1-деректемеде талап-арыз, ерекше талап-арыз және ерекше іс жүргізу істері бойынша «шешім (ұйғарым)» сот актісі көрсетіледі. 2-деректемесінде сот актілерін қарау нәтижелері көрсетіледі.

37. 4-деректемеде іс құжатына сәйкес сот актісінің нәтижелі бөлігі көрсетіледі.

«Жұмысқа қайта алынған адамдардың саны» 10-деректемесі тек қана жұмысқа қайта алынған істер бойынша толтырылуға жатады. (ҚР СО БААТЖ Н А А ко ды - 6 1 0 0 4 0 0 1).

38. 13-бөлімде жеке ұйғарымдар бойынша іс жүргізудің динамикасы туралы мәліметтер көрсетіледі.

ҚР АІЖК 253-бабына сәйкес сот отырысында орнатылған заң бұзушылықтар деректер бойынша тиісті мемлекеттік органдар, мекемелер, лауазымды тұлғалардың атына сот жеке ұйғарым шығаруға құқылы.

1-7-деректемелерінде жеке ұйғарымның шығару күні, ұйғарудың фабуласы, адресаты, жеке ұйғарымның жолдау күні, сонымен қатар жеке ұйғарымдарға жауаптардың келіп түскен күні.

Егер жеке ұйғарым прокурорға шығарылса, онда 7-деректемеде «иә» сөзі көрсетіледі.

«Сырттай шешімінің жою және шешімінің орындалуы» 14-тарауының 5-деректемесінде сот актінің заң күшіне енген күні көрсетіледі (сот бұйрығынан б а с қ а) .

39. 1ЭАЕК-тың басқа деректемелері азаматтық істің (арыздың) құжаттарына сәйкес толтырылады.

6. Апелляциялық сатылы сотта қаралған азаматтық істерге 2 ЭАЕК енгізу ерекшеліктері

40. 2 ЭАЕК-тың деректемелері ҚР СО БААТЖ арқылы азаматтық істің құжаттарына сәйкес толтырылады.

41. 2 ЭАЕК-тың 1-тарауында 1.1, 2, 8, 9-деректемелері міндетті түрде толтырылады.

ҚР АІЖК-нің 40-тарауына сәйкес, заң күшіне енбеген сот шешімдері апелляциялық тәртіпте шағымдануға, наразылық келтіруге болады.

«Келіп түсудің тәртібі» 5-деректемесі 2 ЭАЕК-тың сөздік деректемелеріне сәйкес толтырылады. Мысалы, қаулының апелляциялық шағымы және наразылығы бойынша бір кезде келіп түскен кезде «апелляциялық шағымы және

наразылығы бойынша» 63005003 ҚР СО БААТЖ НАА коды таңдалады.

42. 2-тарауда бірінші сатылы сотта істің келіп түсуі мен қаралу негіздері туралы мәліметтер көрсетіледі.

43. 3-тарауда «Іс бойынша тараптар туралы мәліметтер» деректемелері толығымен толтыруға жатады.

44. 4-тарауда іс бойынша өндірістің динамикасы (танысу) туралы мәліметтер көрсетіледі.

1-деректемеде сотқа берілген күні көрсетіледі.

ҚР АІЖК-нің 337-бабына сәйкес соттың анықтамасымен апелляциялық шағым және наразылық кері қайтарылады. 3 және 3.1-деректемелерінде күні және қайтарудың себебі.

Апелляциялық шағым (наразылық) кері қайтарылған жағдайда 4 және 4.1-деректемелері белгіленеді.

Сол сияқты, жеке шағым (наразылық) кері қайтарылған жағдайда 5 және 5.1-деректемелері белгіленеді.

9-деректемесінде қаулының күшін жою және жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс жүргізуді қайта жаңарту туралы ұйғарымның шығарылған күні көрсетіледі.

45. 5-тарауда сот отырыстардың динамикасы туралы мәліметтер көрсетіледі.

5-тарауының 3-деректемесінде қаулының шыққан күні міндетті түрде көрсетіледі.

46. 5-тарауының 4-9-деректемелерінде төрағалық етуші сотының, прокурордың, қорғаушының, сот отырысы хатшысының аты-жөндері көрсетіледі.

Сот отырысында аудио-видеотаспалары қолданған жағдайда тиісінше 12-деректемесі «сот отырысында видео-аудиотаспалары қолданды» және 13 «сот отырысында аудиотаспалары қолданды» деп көрсетіледі.

47. 6-тарауда іс жүргізудің динамикасы көрсетіледі (сот қаулысы).

48. Сот шешімнің (ұйғарымның) қарау нәтижелері 6-тарауының 1 және 1.1-деректемелерінде көрсетіледі.

ҚР АІЖК-нің 364, 365, 366-баптарына сәйкес бірінші сатылы сотының шешімін өзгертуге немесе жоюға негіздер қаралған, бұзушылықтар немесе іс-жүргізу бойынша құқықтық нормаларын және материалдық құқықтық нормаларын қате қолдану. Бұл жағдайда 3-деректемесінде сәйкесінше анықтағыш бойынша «сот шешімін өзгертуге немесе жою негізі» ҚР СО БААТЖ НАА көрсетілуі тиіс.

ҚР АІЖК-нің 341-бабының 2-тармағына, 342-бабының 2-тармағына, **367-бабына** сәйкес сот өндірісін қысқартады. Бұл жағдайда 4-деректемеде «иә» көрсеткіші көрсетіледі.

6-9-деректемелерінде апелляциялық (жеке) шағым және апелляциялық (жеке) наразылық бойынша шешімдері туралы мәліметтер көрсетіледі.

11-деректемеде апелляциялық сатыдағы сот актісінің қарар бөлімін көрсету қ а ж е т .

49. 7-тарауында жеке ұйғарымдар бойынша өндірістің динамикасы көрсетіледі .

ҚР АІЖК-нің 346-бабына сәйкес апелляциялық сатыдағы сот, ҚР АІЖК-нің 253-бабымен көрсетілген жағдай мен тәртіпте, сонымен қатар істі қарау барысында сот жағынан заңнаманың бұзылуы анықталса, жеке ұйғарым шығара алады. Бұл жағдайда 7-тарауының деректемелерінде шығару күні, мағынасы, ұйғаруды жолдау күні, кімге жолданғаны, бұдан басқа жауаптың келіп түскен күні көрсетіледі .

50. 8-тараптың деректемелері істің құжаттарына сәйкес толтырылады.

7. Кассациялық сатыда қаралған азаматтық іс бойынша 3 ЭАЕҚ енгізу ерекшеліктері

51. 3 ЭАЕҚ-тың 1-тарауында 1.1, 4, 7, 8, 9-деректемелері міндетті түрде т о л т ы р ы л а д ы .

52. 2.1 және 2.2-тарауларында бірінші және апелляциялық сатылы соттарында қаралатын істер туралы мәліметтері көрсетіледі.

53. 3-тарауда іс бойынша тараптар туралы мәліметтер көрсетіледі (нысандар жоқ болған жағдайда әр жолында тараптарына бір-бірден толтырылады).

54. 4-тарауда өндірістің динамикасы көрсетіледі (танысу).

Берілген шағым мен наразылықтың кері қайтарылған, қараусыз қалдырылған, соттылығы бойынша жолданған, өндіріс қысқартылған жағдайларда, 3-деректемеде тиісті күні көрсетіледі, 3.1-деректемеде қайтару себептері көрсетіледі .

55. Кассациялық шағым мен наразылық, жеке шағымдар және наразылық қайтарып алу, қозғалыссыз қалдыру, қайталап беру, қаулының күшін жою туралы қаулы шығару және жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайталап ашылған жағдайларда тиісті деректемелеріндегі күндері көрсетіледі.

Істі сұратқан жағдайда сұрату күні (11-деректеме), сұратылған істер бойынша ескерту күндері (12-деректеме), істің келіп түскен күні (13-деректеме) және томдардың саны (14-деректеме) көрсетіледі. Қайта қарау бойынша түсініктемелер қажет болған жағдайда 15-деректемеде толтырылады.

56. 5-тарауда өндірістің динамикасы туралы мәліметтер көрсетіледі (сот мәжілісі), онда мәжіліс тағайындалған (кейінге қалдырылған) күндер көрсетіледі (1-деректеме), сот мәжілістерінің қалдыру себептері көрсетіледі (2-деректеме),

қаулының шыққан күні (3-деректеме), 4-4.5-деректемелерінде төрағалық етуші сотының, баяндаушы сотының, прокурордың, сот мәжілісінің хатшысының аты - жөндері көрсетіледі.

57. 5-деректемеде мерзімі бұзылып шығарылған шешім көрсетіледі, 6-деректемеде «сот мәжілісінде аудио-видеотаспалары қолданды» және 7-деректемеде «сот мәжілісінде аудиотаспалары қолданды» көрсеткішінде «иә», «жоқ» сөздерін белгілеу қажет. 8-деректемеде қажет болғанда қайта қарау бойынша түсініктеме толтырылады.

58. 6-тарауда өндірістің динамикасы (сот қаулысы) көрсетіледі. ҚР АІЖК-нің 383-20-баптарына сәйкес бірінші сатылы және апелляциялық соттарының кассациялық тәртіпте қаралған істердің шешімдері көрсетіледі және оларды өзгерту (жою) негіздері.

59. Кассациялық сотымен шығарылған жеке ұйғарымдардың қозғалысы туралы мәліметтер 7-тарауда көрсетіледі: жеке ұйғарым шығарған күні, мағынасы, жолдау күні, кімге жолданғаны, жеке ұйғарымға жауаптардың келіп түскен күні, жауаптың мағынасы.

60. 8-тарауда өндірістің аяқталу туралы мәліметтері көрсетіледі.

8. Қадағалау сатысында қаралған азаматтық іс бойынша

4 ЭАЕҚ енгізу ерекшеліктері.

61. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылықтары, істе қатысқан тұлғалардың шағымдары бойынша қадағалау тәртібінде, (ҚР АІЖК-нің 384-бабының 1-тармағы) Қазақстан Республикасының Жоғары сотына келіп түскен азаматтық істер бойынша 4 ЭАЕҚ толтырылады.

62. 4 ЭАЕҚ 1 тарауы берілген шағым мен наразылықтар туралы келесі деректемелер толтырылады: алқа мәжілісіндегі өндірістің саны, алғашқы келіп түскен күні, ұсыным (наразылық) кіммен берілген, шағымданған сот актісі, сот жүргізудің тілі, істің санаты, өткен жылдан қалған ұсынымдар, өткен өндірістің саны.

63. 2-тарауда алғашқы сатыларда істі қарау туралы мәліметтері.

64. 2.1-2.3-тарауларында істің бірінші, апелляциялық, кассациялық сатыларында қарау туралы мәліметтері көрсетіледі.

65. 3-тарауда қадағалау сатысында қарау туралы мәліметтері көрсетіледі.

66. 4-тарауда іс бойынша жақтар туралы мәліметтер көрсетіледі.

67. 5-тарауда өндірістің динамикасы көрсетіледі (алғашқы қарау).

68. Егер іс кері қайтарылған болса (5-деректеме) немесе қараусыз қалдырылса (6-деректеме), немесе алғашқы қарау кезінде қайтарылса (8-деректеме), онда қайтарудың күні мен негіздері көрсетіледі (7-деректеме).

69. Егер іс соттылығы бойынша жолданған жағдай болса, онда жолдау күні (9-деректеме) және соттың атауы (9.1-деректеме) көрсетіледі. Бір өндіріске қосылған жағдайда қосылған өндірістің саны және қосу күні көрсетіледі.

70. ҚР АІЖК-нің 387-бабына сәйкес іс сұратылған жағдайда сұратылған күнін (11-деректеме), сұратылған істер бойынша ескерту беру (11.1-деректеме), істің келіп түскен күні (12-деректеме), томдардың саны (12.1-деректеме).

71. Алғашқы қарау нәтижелері бойынша шешім қабылдау күні (13-деректеме) және шешімі (13.1-деректеме) көрсетіледі. Мерзімі бұзылып немесе бұзылмай қаралғаны жөнінде «Иә» немесе «Жоқ» сөздерін белгілеу қажет (14-деректеме). Қажеттілігі бойынша «Алғашқы қарау бойынша түсіндірмесі» 15-деректемесі то л т ы р ы л а д ы .

72. 6-тарауда өндірістің динамикасы туралы мәліметтер көрсетіледі (сот актілерін қайта қарау), онда алқаға келіп түскен күні (1-деректеме), қайта қарауға негіздер (2-деректеме), сот мәжілістерінің тағайындалған (қайта қаралған) күндері (3-деректеме), сот мәжілістерінің қалдыру себептері (3.1-деректеме).

73. Наразылық келіп түскен жағдайда ұсыным бойынша істі қайта қарау (4-деректеме), істің қараусыз кері қайтару (5-деректеме), жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша наразылық немесе шағымды қайта қарауға негіздің жоқтығына байланысты қаулы шығару (қайта қараудан бас тарту) (6-деректеме), қаулының күшін жою туралы ұйғарымды және жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша арызы бойынша қадағалау өндірісін жаңарту (7-деректеме), наразылықты немесе ұсынымды шақырту (9-деректеме), қараусыз қалдыру (11-деректеме) күні көрсетіледі.

74. ҚР АІЖК-нің 395-1-бабына сәйкес қайта қарау барысында наразылықтың немесе шағымның шақыртылған жағдайда «Қайта қарау барысында шақыртылды» 8-деректемесі және «Кіммен шақыртылды» 10-деректемесі то л т ы р ы л а д ы .

75. Істер біріктірілген жағдайда біріктірілген істер нөмірі көрсетіледі (12-деректеме) .

76. «Өткен жылдан наразылық және қаулылардың қалдығын қарау» деректемесінде «ИӘ» немесе «ЖОҚ» көрсетіледі. Қайта қарау бойынша түсіндірме қажет болған жағдайда толтырылады.

77. 7-тарауда сот отырысының нәтижелері туралы белгіленеді, ол жерде шешім шығарылған күні, төрағалық етуші соттың, баяндаушы соттың, соттардың, прокурордың, хатшының тегі және аты-жөнінің бас әріптері көрсетіледі.

78. «Мерзімін бұзу арқылы шығарылған шешім» 3-деректемеде міндетті түрде «ИӘ» немесе «ЖОҚ» көрсетілуі тиіс.

79. «Іс жүргізу динамикасы туралы (сот шешімі)» 8-тарауда барлық шығарылған сот шешімдері көрсетіледі: бірінші сатыдағы соттың шешімдеріне (

ұйғарымдарына) қатысты сот қаулысы, апелляциялық сатыдағы соттың қаулыларына (ұйғарымдарына) қатысты сот қаулысы, алдыңғы қадағалауда қаралған бірінші сатыдағы сот шешіміне (ұйғарымына) қатысты, алдыңғы қадағалауда қаралған қаулысына қатысты, кассациялық сатыдағы қаулыға қатысты, ұсыным бойынша шешім және наразылық бойынша шешім, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соттың алдыңғы қаулысын қарау нәтижелері.

80. Талап-арызды қараусыз қалдырған жағдайда 9-деректемеде қалдырудың негізі көрсетіледі. «Қарар бөлігі» 12-деректемесінде қаралған азаматтық іс бойынша шығарылған жаңа шешім көрсетіледі.

81. Қадағалау сатысындағы соттың шығарған жеке ұйғарымдарының мәліметтері туралы 9-тарауда көрсетіледі: жеке ұйғарымның шығарылған күні, мәні, жолданған күні және кімге жолданғаны, жеке ұйғарымға жауаптардың түскен күні және жауаптың мәні.

82. 10-деректемеде іс материалдарына сәйкес іс жүргізудің аяқталуы бойынша мәліметтер көрсетіледі.

9. №2, №7, №7К және №9 нысанды есептерді қалыптастыру

83. №2, №7, №7К және №9-нысанды есептер ҚР СО БААТЖ көрсеткіштерін есептеу алгоритміне сәйкес 1 ЭАЕҚ, 2 ЭАЕҚ, 3 ЭАЕҚ, 4 ЭАЕҚ деректерінің негізінде қалыптасады.

84. Комитет пен оның аумақтық басқармалары ҚР СО БААТЖ деректерінің негізінде Комитеттің ББСЖ ААЖ-де №2, №7, №7К және №9-нысанды есептерді қалыптастырады.

85. №2, №7, №7К және №9-нысанды есептер өсу қорытындысымен тоқсан сайын құрастырылады.

86. Комитеттің аумақтық басқармалары №2, №7, №7К және №9-нысанды есептер бойынша статистикалық кесімді есептік кезеңнен кейінгі айдың 6-күні 15 сағатта растап отырады.

Комитет республика бойынша жиынтық есепті есептік кезеңнен кейінгі айдың 8-күні Комитет Төрағасына қол қою үшін ұсынады.

Жиынтық есептер қол қойылғаннан кейін, бірақ есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірілмей ҚР ЖС Департаментіне жолданады.

Облыстар бойынша жиынтық есептерге (Комитет статистикалық кесімді бекіткеннен кейін) олардың жергілікті жерлерде сақталуын қамтамасыз ететін (Комитетке жолдамастан) Комитеттің аумақтық басқармалардың бастықтары қол қояды. Түпнұсқалар мен Комитеттің ББСЖ ААЖ деректерінің арасында алшақтықтар болған жағдайда ҚР СО БААТЖ деректерінің негізінде қалыптастырылған Комитеттің ББСЖ ААЖ деректері негізге алынады.

87. Статистикалық кесім бекітілгеннен кейін №2, №7, №7К және №9-нысанды есептерге түзетуді Комитет жүргізеді.

Комитеттің есепті түзетуі туралы тиісті хабарлама түзетілген есептің қосымшасымен ҚР ЖС Департаментіне екі күндік мерзімде жолданады.

Ескертпе: егер мерзімнің аяқталуы жұмыс істемейтін күніне түссе, онда мерзімнің соңғы күні одан кейінгі келесі жұмыс күні болады.

10. «Бірінші сатылы соттардың азаматтық істерді қарауы бойынша жұмысы туралы» №2-нысанды есеп

88. Есептіліктің осы нысаны бірінші сатылы соттардың азаматтық істерді қарауы бойынша жұмысын бейнелейді және 1 ЭАЕҚ деректерінің негізінде құрастырылады.

«Азаматтық істердің қозғалысы мен қарау нәтижесі» А кестесі

89. Бұл кестеде азаматтық істердің (арыздар, іс құжаттар) қозғалысы мен қаралу нәтижелері туралы мәліметтер бейнеленеді.

90. №2 нысанды есептің А кестесіндегі 1-бағанда есептік кезеңнің басындағы іс жүргізуі аяқталмаған істердің (арыздар, іс құжаттар) саны (қалдығы) көрсетіледі. Соның ішінде 1-тоқсанға, жартыжылдыққа, 3-тоқсанға және бір жылға арналған жұмыстың нәтижелері бойынша есептік кезеңнің басындағы қалдығы өзгеріссіз қалады және үстіміздегі жылдың 1 қаңтарындағы жағдайға қарай соттың аяқтамаған істерінің санын бейнелеуі қажет. 2-бағанда есептік кезеңде басқа соттардан келіп түскен, сот актілерінің күшін жоюдан кейін, қараусыз қалдыру туралы ұйғарымдар, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша шешім, сонымен қоса жеке іс жүргізуге бөлектелген істер саны көрсетіледі.

91. 3-бағанда жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша алғашқы сот актілерінің күші жоюлуына байланысты істер бойынша қайта жандандырылған іс жүргізудің саны көрсетіледі.

92. 4-бағанда есептік кезеңнің басындағы арыздар қалдығы, ал 5-бағанда – есептік кезеңде түскен арыздар көрсетіледі. 4 және 5-бағандардан 6-бағанға талап-арыздарды қабылдаудан бас тартылған саны, 7-бағанда қайтарылған арыздар, 8-бағанда соттылығы бойынша жолданған арыздар, 9-бағанда қозғалған істер (іс жүргізу), 10-бағанда есептік кезеңнің аяғына арыздардың қалдығы көрсетіледі.

93. 11-бағанда – қозғалыссыз қалдырылғандар, 12-бағанда ҚР АІЖК мерзімдерінің бұзылуымен қабылданған шешімдер.

94. 13-бағанда – бұйрық шығарумен, 15-бағанда – шешім шығарумен, 16 бағанда – ұйғарым шығара отырып қаралған істер, соның ішінде 17-бағанда –

қанағаттандырылған және ішінара қанағаттандырылған талап-арыздарды, 18-бағанда қанағаттандырудан бас тартылған және 19-бағанда сырттай қаралған талап-арыздарды (ҚР АІЖК 24-тарауы) бөлумен қаралған істер есепке алынады.

95. 19-бағаннан 20, 21-бағандарда талап-арызды қанағаттандыра отырып (соның ішінде ішінара қанағаттандырылған) және талап-арыздан бас тарта отырып істердің сырттай қаралған нәтижелері бейнеленеді.

96. 22-бағанда жауапкердің арызы бойынша күші жойылған сырттай ш е ш і м д е р е с к е р і л е д і .

97. 23-бағанда соттылығы бойынша жолданған істердің саны, 24-баған – бөле отырып іс жүргізуді қысқарту арқылы қаралған, 25-баған – бітімгершілік келісім жасауға байланысты істердің санын көрсетеді.

98. 26-баған қараусыз қалған талап-арыздарды есепке алады. Аяқталған істердің жалпы сомасы 27-бағанда бейнеленеді және 13, 15, 16, 23, 24, 26 бағандардың сомасына тең, соның ішінде ҚР АІЖК белгілеген мерзімді бұза отырып аяқталған істер 28-бағанда көрсетіледі.

99. 29-бағанда есептік кезеңнің соңына аяқталмаған істердің қалдығы, соның ішінде есептік кезеңінде өндіріспен тоқтатылған істер (алдыңғы жылдарды ескере отырып) 30-бағанда көрсетіледі.

100. Есептілік кезеңінде сот шығарған жеке ұйғарымдар саны прокурорға шығарылған ұйғарымдарды 32-бағанда саралай отырып 31-бағанда көрсетіледі. 33 бағанда сот шығарған жеке ұйғарымдарға жауаптардың саны бейнеленеді.

101. 34-бағанда бір өндіріске біріктірілген істер саны көрсетіледі.

102. 35-бағанда прокурордың қатысуымен қаралған істер, ҚР АІЖК сәйкес, прокурордың осы іске қатысу қажеттілігін сот таныған жағдайларда, сондай-ақ прокурордың бастамасы бойынша қозғалған, мемлекеттің мүдделерін қозғайтын, жұмысқа қайтадан алу, жалақыны өндіріп алу, азаматты басқа тұрғын үй-жай берместен тұрғын үйден шығару, өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу (ҚР АІЖК 55-бабы), нормативтік құқықтық актілер заңдылығын даулау туралы (ҚР АІЖК 284-бабы), азаматты хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы немесе азаматты қайтыс болған деп жариялау туралы (ҚР АІЖК 299-бабы), азаматты әрекет қабілеттілігі шектеулі, әрекетке қабілетсіз деп тану туралы (ҚР АІЖК 306-бабы), баланы асырап алу туралы (ҚР АІЖК 317-4-бабы), шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу туралы (ҚР АІЖК 317-14-бабы), ата-аналық құқықтан айыру, қалпына келтіру, шектеу туралы, баланы алып қою туралы, бала асырып алуды жою туралы («Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 68, 70, 71, 96-баптары) істері бойынша.

103. 36-40-бағандарда сот шешімі бойынша төлеуге жататын сома көрсетіледі

Жұмысқа қайта орналастырылған адамдардың саны 41-бағанда, 42 және 43-бағандарда адамға берілген соманы көрсете отырып бейнеленеді.

104. 44-бағанда лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттері бойынша мемлекетке берілген, 45-мемматрезервтің пайдасына өндіріп алынған талап-арыздар бойынша ұсынылған, 46-мемматрезерв пайдасына берілген сома көрсетіледі.

105. 47 және 48-бағандарда аудиобейне бекітуді және аудиобекітуді қолдана отырып қаралған істер көрсетіледі.

106. 49-51-бағандарда талап-арыздар бойынша қаралған істердің саны көрсетіледі: есептік кезеңде аяқталған істер санынан мүгедектер, кәмелетке толмағандар, әйел жынысты адамдардың мүддесіндегі.

107. № 2-нысанды есептің А кестесінің жолдарында ҚР АІЖК-не сәйкес істердің мынадай санаттары көзделген: бұйрықтық, талап-арыздық, ерекше талап-арыздық және ерекше іс жүргізу. Бұл санаттар 7-нысанды есептің А, Б, В кестелері, №7К және №9-нысанды есептердің А, Б кестелері үшін біркелкі болып табылады.

«Мемлекеттік баж салығы туралы мәлімет» №2 нысанды есепке №1 қосымша

108. №2 нысанға қоса берілген № 1-қосымшада мемлекеттік баж салығы туралы мәліметтер бейнеленеді.

Мемлекеттік баж салығының сомасын ұлттық валютада және соттың заңды күшіне енген шешімдері бойынша ғана ескеру қажет (мың теңге түрінде көрсетіледі).

109. 1-бағанда бұйрық, шешімдер және ұйғарымдар (2-нысанды есептің А кестесінің 13, 15, 16-бағандардың сомасы) шығарылған азаматтық істердің саны көрсетіледі.

2-бағанда өтініш беру барысында талап-арыздық талаптардың сомасы бейнеленеді.

110. 3-бағанда төлеуге жататын мемлекеттік баждың жалпы сомасы ескеріледі, оның 4-бағанда мемлекеттік баждың төленген сомасы, 5-бағанда ҚР Салық кодексінің 541-бабына сәйкес өтініш беруші төлеуден босатылған мемлекеттік баждың сомасы ескеріледі.

Соның ішінде, 5-бағаннан 9-бағанда прокурордың талап-арызы бойынша мемлекеттік баж салығының сомасы және 11-бағанда басқа бүкіл талап-арыздары бойынша, прокуратура органдарының талап-арыздарын қоспай, көрсетіледі.

«Соның ішінде мемлекеттік мүддесіне» 10-бағанның деректері 9-бағаннан шығады.

111. 6-бағанда сот шешімі бойынша өндірілген, мемлекеттік баж салықтың сомасы көрсетіледі, оның 7-бағанда – бюджеттің пайдасына өндіріп алынған мемлекеттік баж салықтың сомасы. 8-бағанда – соттың шешімдер, ұйғарымдар бойынша бюджетке қайтаруға жататын мемлекеттік баж салықтың сомасы.

№2 нысанды есепке №2-қосымша

112. № 2 нысанға қоса берілген № 2-қосымшада соттылығын анықтау мәселесін қарау бойынша соттың жұмысы бейнеленеді. Қосымша жоғары тұрған сатыларымен қалыптастырады.

«Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау бойынша өтініштерді қарау» № 3 қосымша

113. 2 нысанды есептің № 3-қосымшасында жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот актілерін қайта қарау жөніндегі өтініштерді қарау туралы мәліметтер көрсетіледі.

1-бағанда есептік кезеңнің басындағы өтініштер қалдығы бейнелейді. 2-бағанда есептік кезеңінде келіп түскен бүкіл өтініштер бейнелейді. 3-бағанда ұйғарымдардың жоғарғы сотымен күші жойылғандардың саны көрсетіледі. 4-бағанда – жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша өтініштердің өндіріске алған саны. 5-бағанда жаңадан ашылған мән-жайлары бойынша сот актілерді қайта қарау туралы қайтарылған өтініштердің саны бейнеленеді.

6, 7-бағандарда қарау нәтижесі бейнелейді. 8-бағанда есептік кезеңнің соңында қалған өтініштердің қалдығы.

11. «Апелляциялық сатылы соттардың азаматтық істерді қарауы бойынша жұмысы туралы» №7 нысанды есеп

114. Есептіліктің аталған нысаны апелляциялық сатылы соттардың азаматтық істерді қарауы бойынша жұмысы туралы мәліметтерді бейнелейді және 2 ЭАЕҚ деректерінің негізінде құрылады.

«Істердің апелляциялық сатыдағы қозғалысы» А кестесі

115. А кестесінде апелляциялық наразылықтар, шағымдар бойынша қарау үшін келіп түскен істер туралы мәліметтер бейнеленеді.

116. 1-бағанда есептік кезеңнің басындағы аяқталмаған істердің қалдығы, 2-бағанда есептік кезеңде келіп түскен істер бейнеленеді. 2-бағаннан алынған 3, 4, 5-бағандарда тиісінше наразылықтар мен шағымдар бойынша және бір мезгілде бір іс бойынша – шағым және наразылық бойынша келіп түскен істердің саны

к ө р і н е д і .

117. 6 (1, 3-бағандардан), 7 (1, 4-бағандардан) бағандарда наразылықтар, шағымдар кері қайтарылған істердің саны бейнеленеді. 8, 9, 10 (1, 5-бағандардан) бағандарда шағым немесе наразылық кері қайтарылған шағым және наразылық бойынша бір мезгілде келіп түскен істер бейнеленеді және сәйкесінше апелляциялық сатыдағы азаматтық істердің қозғалысы наразылық немесе шағым бойынша жүзеге асырылады, егер шағым кері қайтарылса, іс наразылық бойынша қаралады, наразылық кері қайтарылса, іс шағым бойынша қаралады. 11-бағанда жоғарғы сотымен сот актілерін жойғаннан кейін келіп түскен істер саны бейнеленеді .

12 және 13-бағандарда өндіріспен қысқартылған және қараусыз қайтарылған істер бейнеленеді .

118. Назылықтар немесе шағымдар бойынша қаралған істер 14, 16, 18, 22, 24-бағандарда бейнеленеді. 26-бағанда жоғары тұрған сатылармен жойғаннан кейін істер саны бейнеленеді. 30-бағанда есептік кезеңде аяқталған істердің саны бейнеленеді. (12, 13, 14, 16, 18, 22, 24, 26-бағаннан).

119. 18-бағанда егер шағым да, наразылық та кері қайтарылмаса, шағым және наразылық бойынша сотқа бір мезгілде келіп түскендердің ішінен қаралған істер көрсетіледі .

Соның ішінде 19-баған егер шағым да, наразылық та бір мезгілде қанағаттандырылған болса, толтырылады, 20-бағанда шағым қанағаттандырылып, ал наразылық қанағаттандырылмай қалған мәліметтер бейнеленеді, 21-бағанда наразылық қанағаттандырылып, ал шағым қанағаттандырылмай қалған мәліметтер бейнеленеді .

120. 22-бағанда шағым кері қайтарылып, шағым мен наразылық бойынша бір мезгілде келіп түскендер қатарынан наразылықтар бойынша қаралған мәліметтер көрсетіледі, 23-бағанда қанағаттандырылған наразылықтар бойынша мәліметтер бейнеленеді .

121. 24-бағанда наразылық кері қайтарылып, шағым және наразылық бойынша бір мезгілде келіп түскендер қатарынан шағымдар бойынша қаралған мәліметтер көрсетіледі, 25-бағанда қанағаттандырылған шағымдар бойынша мәліметтер бейнеленеді .

18, 22, 24-бағандардың сомасы шағым да, наразылық та бойынша бір мезгілде апелляциялық сатыға келіп түскен қаралған азаматтық істердің жалпы санын бейнелейді .

20, 25-бағандардың сомасы шағым мен наразылық бойынша бір мезгілде апелляциялық сатыға келіп түскен азаматтық істердің қатарынан қанағаттандырылған шағымдардың жалпы санын бейнелейді.

21, 23-бағандар сомасы шағым мен наразылық бойынша бір мезгілде

апелляциялық сатыға келіп түскен азаматтық істердің ішінен қанағаттандырылған наразылықтардың жалпы санын көрсетеді.

122. 31-бағанда ҚР АІЖК 349-бабында белгіленгеннен артық мерзімде аяқталған істер ескеріледі. Іс жүргізудің ұзақтығы істің апелляциялық сатылы сотқа келіп түскен күнінен қаулы шығарылған күнге дейінгі аралығымен е с е п т е л е д і .

123. 32-бағанда есептік кезеңнің аяғындағы аяқталмаған істердің қалдығы б е й н е л е н е д і .

124. 33, 34, 35-бағандарда мүгедектер талап-арыздары бойынша, кәмелетке толмағандар мүддесінің талап-арыздары бойынша, әйел жынысты тұлғалардың талап-арыздары бойынша аяқталған істер санынан көрсетіледі.

«Апелляциялық шағымдар мен наразылықтар бойынша істердің қаралу нәтижелері» Б кестесі

125. Б кестесінде апелляциялық шағымдар мен наразылықтар бойынша қаралған істердің нәтижелері туралы деректемелері бейнеленеді.

126. 1-бағанда есептік кезеңнің басындағы аяқталмаған істердің қалдығы б е й н е л е н е д і .

127. 2-бағанда – есептік кезеңде келіп түскен істердің саны.

128. 3-бағанда – жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша бастапқы сот актісінің күші жойылғаннан кейін қайта жаңғыртылған апелляциялық іс жүргізудің саны, 4-бағанда – жоғары тұрған сотпен күші жойылған ұйғарымдардың саны көрсетіледі.

129. 5-бағанда өндіріспен қысқартылған істер саны, соның ішінде кері қайтарылған апелляциялық шағымдар мен наразылықтар бойынша 6-бағанда б е й н е л е н е д і .

130. 7-бағанда – қараусыз қайтарылған істердің саны, 8-бағанда – өзгеріссіз қалдырылған шешімдердің саны.

131. 9-бағанда жоғары тұрған сатылармен күші жойылғаннан кейін істер саны , 10 – күші жойылған шешімдердің жалпы саны, соның ішінде бірінші сатыдағы сот шешімдері 11-бағанда бүкілімен бейнеленеді, бөлімде – 12-бағанда, шағым бойынша – 13-бағанда, шағым және наразылық бойынша бір мезгілде – 14-бағанда б е й н е л е н е д і .

132. Прокурордың наразылығы бойынша күші жойған шешімдер саны 15-бағанда есептеледі, соның ішінде прокурор наразылықтың дәлелдерін толығымен қанағаттандыруымен – 16-бағанда және наразылықтың ішінара қанағаттандыруымен – 17-бағанда.

133. 18-бағанда - істі жаңадан қарауға жолдауымен, 19-бағанда – жаңа шешім

шығаруымен, 20-бағанда – өтінішті қараусыз қалдырумен.

134. 21-бағанда - іс бойынша өндірісін қысқартуымен, соның ішінде 22-бағанда - бітімгершілік келісімді бекітуімен, 23-баған - талап-арыздан бастартуымен.

135. 24-бағанда - іс үшін маңызы бар, дұрыс анықтамаумен және жағдай шеңберін анықтамаумен байланысты жойылған шешімдердің саны көрсетіледі; 25-бағанда - іс үшін маңызы бар, бірінші сатылы сотпен белгіленген жағдайлары дәлелденбегенімен байланысты; 26-бағанда – шешімде баяндалатын, бірінші сатылы соттың қорытындылар іс жағдайларға сәйкессіздігімен байланысты; 27-бағанда – материалдық немесе өндірістік құқықтардың нормаларын (ҚР АІЖК 364-бабы) бұзуымен немесе дұрыс пайдаланбауымен байланысты.

136. 28-бағанда - апелляциялық сатымен өзгертілген шешімдер көрсетіледі, соның ішінде 29-бағанда – шағым бойынша бірінші сатылы соттың өзгертілген шешімдері көрсетіледі, 30-бағанда – шағым мен наразылық бойынша бір кезде.

137. Прокурордың наразылығы бойынша өзгертілген шешімдердің саны 31-бағанда бейнеленеді, соның ішінде прокурордың наразылық дәлелдемелерін толық қанағаттандырумен – 32-бағанада және наразылық ішінара қанағаттандырумен – 33-бағанда.

138. 34-бағанда – есептік кезеңде аяқталған істердің жалпы саны бейнеленеді, соның ішінде ҚР АІЖК 349-бабымен белгіленген мерзімдерінен аса аяқталғандар 35-бағанда.

139. 36-бағанда – шығарылған жеке ұйғарымдар саны бейнеленеді, 37-бағанда – оларға келіп түскен жауаптар саны.

140. 38-бағанда – есептік кезеңнің аяғындағы аяқталмаған істердің қалдықтары көрсетіледі.

141. 39, 40, 41-бағандарда мүгедектер талап-арыздары бойынша, кәмелетке толмағандар мүддесінің талап-арыздары бойынша, әйел жынысты тұлғалардың талап-арыздары бойынша аяқталған істер санынан істер көрсетіледі.

142. Іс шағым мен наразылық бойынша бір мезгілде және наразылықты кері қайтару бойынша келіп түскен жағдайда, осы кестеде шағым бойынша істерді қарау нәтижелері бейнеленеді. Соған ұқсас шағымды кері қайтарған жағдайда, наразылық бойынша істі қарау нәтижелері көрінеді.

«Жеке шағымдар мен наразылықтар бойынша істердің қаралу нәтижелері» В кестесі

143. В кестесінде жеке шағымдар мен наразылықтар бойынша қаралған істердің нәтижелері туралы деректемелері бейнеленеді.

144. 1-бағанда есептік кезеңнің басындағы жеке шағымдар мен наразылықтар

бойынша аяқталмаған істердің қалдығы бейнеленеді.

145. 2-бағанда – есептік кезеңде келіп түскен істердің саны.

146. 3-бағанда – жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша бастапқы сот актісінің күші жойылғаннан кейін қайта жаңғыртылған іс жүргізудің саны, 4-бағанда – жоғары тұрған сотпен күші жойылған ұйғарымдардың саны көрсетіледі.

147. 5-бағанда өндіріспен қысқартылған істер саны, соның ішінде кері қайтарылған жеке шағымдар мен наразылықтар бойынша 6-бағанда бейнеленеді.

148. 7-бағанда – қараусыз қайтарылған істердің саны, 8-бағанда – өзгеріссіз қалдырылған ұйғарымдардың саны.

149. 9-бағанда жоғары тұрған инстанциямен күші жойылғаннан кейін қаралған істер саны, 10 - күші жойылған ұйғарымдардың жалпы саны, соның ішінде барлығымен – 11-бағанда, бөлімде – 12-бағанда, шағым бойынша – 13-бағанда, шағым және наразылық бойынша бір мезгілде – 14-бағанда бейнеленеді.

150. Прокурордың наразылығы бойынша күші жойылған ұйғарымдар саны 15-бағанда бейнеленеді, соның ішінде прокурор наразылықтың дәлелдерін толығымен қанағаттандыруымен – 16-бағанда және наразылықтың ішінара қанағаттандыруымен – 17-бағанда.

151. Істі жаңадан қарауға жолдауымен – 18-бағанда, 19-бағанда – жаңа шешім шығаруымен, 20-бағанда – өтінішті қараусыз қалдырумен.

152. 21-бағанда - іс бойынша өндірісін қысқартуымен, соның ішінде 22-бағанда - бітімгершілік келісімді бекітуімен, 23-баған - талап-арыздан бас тартуымен. 24-бағанда – мәні бойынша мәселелерін шешуімен ұйғарымдар саны бейнеленеді.

153. 25-бағанда – өзгертілген ұйғарымдардың саны бейнеленеді, соның ішінде 26-бағанда – шағымдар бойынша, 27-бағанда – шағымдар мен наразылықтар бойынша бір кезде, 28-бағанда – прокурордың наразылығы бойынша өзгертілгендердің, 29 бен 30-бағандарына бөліп тастаумен – наразылықтың дәлелдерін толығымен қанағаттандырумен және ішінара қанағаттандырумен.

154. 31-бағанда – есептік кезеңде аяқталған істердің саны белгіленеді (5, 7, 8, 9, 10, 25-бағандардың сомасы), олардың ҚР АІЖК белгіленген мерзімдерін бұзуымен – 32-бағанда.

155. 33-бағанда – шығарылған жеке ұйғарымдар саны бейнеленеді, 34 бағанда – оларға келіп түскен жауаптар саны.

156. 35-бағанда – есептік кезеңнің аяғындағы аяқталмаған істердің қалдықтары көрсетіледі.

157. 36, 37, 38-бағандарда мүгедектердің талап-арыздары бойынша, кәмелетке толмағандар мүддесінің талап-арыздары бойынша, әйел жынысты

тұлғалардың талап-арыздары бойынша аяқталған істер санынан істер көрсетіледі.

158. Іс шағым мен наразылық бойынша бір мезгілде және наразылықты кері қайтару бойынша келіп түскен жағдайда, осы кестеде шағым бойынша істерді қарау нәтижелері бейнеленеді. Соған ұқсас шағымды кері қайтарған жағдайда, наразылық бойынша істі қарау нәтижелері көрінеді.

«Жаңадан ашылған мән-жайлары бойынша сот актілерін қайта қарау бойынша өтініштерді қарау туралы мәліметтер» қосымшасы

159. Қосымшада жаңадан ашылған мән-жайлары бойынша сот актілерін қайта қарау бойынша өтініштерді қарау туралы мәліметтері бейнеленеді.

1-бағанда есептік кезеңнің басындағы өтініштердің қалдығы бейнеленеді. 2-бағанда есептік кезеңде келіп түскен барлық өтініштері бейнеленеді. 3-бағанда жоғары тұрған сотпен ұйғарымдардың күшін жойғандар саны. 4-бағанда - жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот актілерін қайта қарау туралы қайтарылған өтініштердің саны бейнеленеді. 5-бағанда жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс жүргізуге қабылданған өтініштер бейнеленеді.

6, 7-бағандарда өтініштерді қарау нәтижелері бейнеленеді. 8-бағанда есептік кезеңнің соңына қалған өтініштердің қалдықтары көрсетіледі.

12. «Кассациялық сатылы соттардың азаматтық істерді қарауы бойынша жұмысы туралы» №7К нысанды есеп

160. Есептіліктің бұл нысаны кассациялық сатылы соттардың азаматтық істерді қарауы бойынша жұмысы туралы мәліметтерді көрсетеді және 3 ЭАЕҚ деректері негізінде құрылады.

«Істердің кассациялық сатыдағы қозғалысы» А кестесі

161. А кестесінде кассациялық шағым, наразылық бойынша қарау үшін келіп түскен істер туралы мәліметтер бейнеленеді.

162. 1-бағанда есептік кезеңнің басындағы аяқталмаған істердің қалдығы бейнеленеді.

163. 2-бағанда – есептік кезеңде келіп түскен істердің саны.

164. 3-бағанда – жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша бастапқы сот актілерінің күші жойылғаннан кейін қайта жаңғыртылған кассациялық іс жүргізудің саны, 4-бағанда – жоғары тұрған сотпен күші жойылған ұйғарымдардың саны көрсетіледі.

165. 5-бағанда шағымдардың, наразылықтардың және басқа да қайтарылғаны, кері қайтарылғаны бойынша істер саны бейнеленеді, соның ішінде шағымнан бас

тартуымен кассациялық өндірісті қысқартумен – 6-баған, наразылықты кері шақыруына байланысты кассациялық өндірісті қысқартумен – 7-баған.

166. 8-бағанда – қаралған істердің саны бейнеленеді, олардың ішінен апелляциялық тәртіпте қаралған – 9-бағанда, қарау мерзімін бұзумен – 10-бағанда. 11, 12, 13-бағандарда наразылықтар бойынша, шағымдар бойынша, наразылықтар мен шағымдар бойынша бір кезде қаралған істердің жалпы санынан істер бейнеленеді.

Есептік кезеңнің аяғына қалған істер қалдығы 14-бағанда бейнеленеді.

167. 15-бағанда – бірінші сатылы соттың шешімдері өзгеріссіз қалғандардың саны көрсетіледі, 16-бағанда – апелляциялық сатылы соттың шешімдері өзгеріссіз қалғандардың саны, ал 17-бағанда – апелляциялық сатылы соттың қаулылары өзгеріссіз қалғандардың саны.

168. 18-бағанда – бірінші сатылы соттың күші жойылған бүкіл шешімдерінің саны көрсетіледі, оның апелляциялық сатындағы сотында қаралмағандары – 19-бағанда, апелляциялық саты сотында қаралғандар – 20-бағанда, толығымен және ішінара жойылғандар – 21, 22-бағандарда, істі жаңадан қарауға жіберуінсіз, жаңа сот актісін шығарумен – 23-бағанда, 24-бағанда – істі жаңадан қарауға бірінші сатылы сотқа жолдаумен, 25-бағанда – істі жаңадан қарауға апелляциялық сатылы сотқа жолдаумен, 26-бағанда – өтінішті қараусыз қалдырумен, 27-бағанда – іс бойынша өндірісті қысқартумен.

169. 27-бағаннан: 28-бағанда – бітімгершілік келісімді бекітумен байланысты, 29-бағанда – талапкердің талап-арыздан бас тартумен байланысты.

170. 30-бағанда – бірінші сатылы соттың өзгертілген шешімдердің жалпы саны бейнеленеді, оның 31-бағанда – апелляциялық саты сотында қаралмағандар, 32-бағанда – апелляциялық саты сотында қаралғандар.

171. Апелляциялық сатылы соттың жойған шешімдердің саны 33 -бағанда қалыптастырады, апелляциялық сатының жойған қаулылардың саны - 34 бағанда , толығымен - 35 -бағанда, ішінара – 36-бағанда, істі жаңадан қарау үшін жолдаумен – 37-бағанда, соның ішінде бірінші немесе апелляциялық сатылы соттарына – 38, 39-бағандарда.

Істі жаңадан қарауға жолдауынсыз, жаңа сот актісін шығарумен – 40-бағанда, бірінші сатылы сотың шешімін күшінде қалдырумен – 41-бағанда, бірінші сатылы сотың шешімін өзгертумен – 42-бағанда, іс бойынша өндірісті қысқартумен – 43-бағанда, өтінішті қараусыз қалдырумен – 44-бағанда, бұрын апелляциялық сатылы сотында күшін жойған, бірінші сатылы соттың алдыңғы шешімдерін қалпына келтіру – 45-бағанда.

172. апелляциялық сатылы соттың өзгертілген шешімдер саны 46-бағанда бейнеленеді, ал 47-бағанда - апелляциялық сатының өзгертілген қаулылар саны; 46, 47-бағандардан 48-бағанда – бірінші сатылы соттың шешімдерін қалпына

келтірумен, апелляциялық сатылы соттың өзгертілген шешімдері, қаулылары.

173. 49-бағанда – шығарылған жеке ұйғарымдар саны, 50-бағанда – келіп түскен жауаптар.

174. 51, 52, 53-бағандарда мүгедектер талап-арыздары бойынша, кәмелетке толмағандар мүддесінің талап-арыздары бойынша, әйел жынысты тұлғалардың талап-арыздары бойынша аяқталған істер санынан істер көрсетіледі.

«Бірінші және апелляциялық сатылы соттардың ұйғарымдарын қараудың нәтижелері» Б кестесі

175. Осы кесте апелляциялық сатылы соттың ұйғарымдарын және бірінші сатылы соттың ұйғарымдарын кассациялық сатымен қарау нәтижелері туралы мәліметтерді қамтиды.

176. 1-баған - есептік кезеңнің басындағы аяқталмаған істердің қалдығын бейнелейді.

177. 2-бағанда – есептік кезеңде келіп түскен істердің саны.

178. 3-бағанда – жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша бастапқы сот актілерінің күші жойылғаннан кейін жаңартылған кассациялық іс жүргізу саны бейнеленеді, жоғары тұрған сотпен жойған ұйғарымдар саны – 4-бағанда.

179. 5-баған – қайтарылған, кері қайтарылған шағымдар, наразылықтар және т.б. туралы істерді ескереді, солардың ішінен шағымнан бас тарту арқылы кассациялық іс жүргізуді қысқарту арқылы – 6-бағанда, наразылықты кері қайтарумен байланысты кассациялық іс жүргізуді қысқарту арқылы – 7-бағанда бейнеленеді.

180. 8-баған – қаралған істердің жалпы саны көрсетіледі, солардың ішінде 9 бағанда – апелляциялық тәртіпте қаралғандар, 8-бағаннан 10-бағанда - қараудың мерзімін бұзу арқылы.

Қаралған істердің жалпы санынан 11-бағанда наразылықтар бойынша істер, 12-бағанда – шағымдар бойынша, 13-бағанда – шағымдар мен наразылықтар бойынша бір мезгілде.

181. 14-бағанда - есептік кезеңнің соңына істер қалдықтары көрсетіледі.

15-бағанда – бірінші сатылы соттың ұйғарымдарын өзгертусіз қалдырылғандар саны, 16-бағанда – апелляциялық сатылы соттың ұйғарымдарын өзгертусіз қалдырылғандар саны.

182. 17-бағанда - күші жойылған бірінші сатылы сотының ұйғарымдар жалпы саны бейнеленеді, солардың ішінен 18-бағанда – толығымен күші жойылған бірінші сатылы сотының ұйғарымдар саны, 19-бағанда – ішінара, 20-бағанда – істі жаңадан қарауға жолдамаусыз жаңа ұйғарым шығарумен, 21-бағанда – істі жаңадан қарау үшін бірінші сатылы сотына жолдаумен, 22-бағанда – іс бойынша

іс жүргізуді қысқартумен және 23-бағанда – өтінішті қараусыз қалдырумен бірінші сатылы соттың ұйғарымдары бейнеленеді.

183. 24-бағанда – апелляциялық сатылы сотпен күші жойылған ұйғарымдар саны қалыптастырады, оның толығымен және ішінара жойылғандар – 25, 26. 27-бағанда - істі жаңадан қарауға бірінші сатылы сотқа жолдаумен ұйғарымдар саны бейнеленеді, 28-бағанда - іс бойынша өндірісті қысқартумен, 29-бағанда – бірінші сатылы соттың шешімін күшінде қалдырумен, 30-бағанда – өтінішті қ а р а у с ы з қ а л д ы р у е н .

184. 31, 32-бағандарда – тиісінше бірінші және апелляциялық сатылы соттардың өзгертілген ұйғарымдар саны есептеледі.

185. 33-бағанда – апелляциялық саты сотында бұрын жойған алғашқы ұйғарымдарын қалпына келтіру саны.

186. 34-бағанда - шығарылған жеке ұйғарымдар есептеледі, 35-бағанда - келіп түскен жауаптардың саны.

«Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот актілерін қайта қарау бойынша өтініштерді қарау туралы мәліметтер» қосымшасы

187. Қосымшада жаңадан ашылған мән-жайлары бойынша сот актілерін қайта қарау бойынша өтініштерді қарау туралы мәліметтері бейнеленеді.

1-бағанда есептік кезеңнің басындағы өтініштердің қалдығы бейнеленеді. 2-бағанда есептік кезеңде келіп түскен барлық өтініштері бейнеленеді. 3-бағанда жоғары тұрған сотпен ұйғарымдардың күшін жойғандар саны. 4 -бағанда - жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот актілерін қайта қарау туралы қайтарылған өтініштердің саны бейнеленеді. 5-бағанда жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс жүргізуге қабылданған өтініштер бейнеленеді.

6, 7-бағандарда өтініштерді қарау нәтижелері бейнеленеді. 8-бағанда есептік кезеңнің соңына қалған өтініштердің қалдықтары көрсетіледі.

13. «Қадағалау сатылы сотта азаматтық істерді қарауы бойынша соттардың жұмысы туралы» №9 нысанды есеп

